

Атбасар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 8С 24/5 "2025-2027 жылдарға арналған Бастау ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Ақмола облысы Атбасар аудандық мәслихатының 2025 жылғы 24 маусымдағы № 8С 29 /6 шешімі

Атбасар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атбасар аудандық мәслихатының "2025-2027 жылдарға арналған Бастау ауылдық округінің бюджеті туралы" 2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 8С 24/5 шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 7-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Атбасар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2025-2027 жылдарға арналған Бастау ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2025 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 27 902,5 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 5 340,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

трансферттер түсімі – 22 562,5 мың теңге;

2) шығындар – 28 122,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -219,7 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 219,7 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 219,7 мың теңге;"

1.2. тармағымен толықтырылсын:

"1.2. 2025 жылға арналған Бастау ауылдық округінің бюджетінде жоғары тұрған бюджеттерден нысаналы трансферттер 4-қосымшаға сәйкес, қарастырылғаны ескерілсін";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес 4-қосымшасымен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Атбасар аудандық мәслихатының төрағасы

Н.Рахимов

Атбасар аудандық
мәслихатының
2025 жылғы 25 маусымдағы
№ 8С 29/6 шешіміне
1 қосымша
Атбасар аудандық
мәслихатының
2024 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 8С 24/5 шешіміне
1 қосымша

2025 жылға арналған Бастау ауылдық округінің бюджеті

Санаты				Сома, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
			I. Кірістер	27 902,5
1			Салықтық түсімдер	5 340,0
	01		Табыс салығы	1 225,0
		2	Жеке табыс салығы	1 225,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	4 051,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	388,0
		3	Жер салығы	46,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	3 367,0
		5	Бірыңғай жер салығы	250,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	64,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды	64,0

			пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	
2			Салықтық емес түсімдер	0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттер түсімі	22 562,5
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	22 562,5
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	22 562,5

Функционалдық топ				Сома, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			II. Шығындар	28 122,2
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	21 349,2
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	21 349,2
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	21 349,2
07			Т ұ р ғ ы н үй-коммуналдық шаруашылық	5 773,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	5 773,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	5 273,0

		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	500,0
12	124		Көлік және коммуникация	1 000,0
			Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	1 000,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 000,0
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-219,7
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(219,7
			Қарыздар түсімі	0
			Қарыздарды өтеу	0
			Б ю д ж е т қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	219,7
			Б ю д ж е т қаражатының	

8			пайдаланылатын қалдықтары	219,7
	01		Б ю д ж е т қаражатының қалдықтары	219,7
		1	Б ю д ж е т қаражатының бос қалдықтары	219,7

Атбасар аудандық
мәслихатының
2025 жылғы 25 маусымдағы
№ 8С 29/6 шешіміне
2-қосымша
Атбасар аудандық
мәслихатының
2024 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 8С 24/5 шешіміне
4- қосымша

2025 жылға арналған жоғары тұрған бюджеттерден нысаналы трансферттер

Атауы	Сума, мың теңге
Барлығы	1 541,5
Аудандық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	1 541,5
Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар	503,3
Жүйелік блокты сатып алу	538,2
Бастау ауылдық округіндегі жолдарды қысқы күтіп ұстау	500,0